



Бүгінгі сабақтың тақырыбы:

§ 46-47. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы

Бүгінгі сабақта:

- жәдидшілдік қоғамдық-саяси қозғалысын;
- панисламизм және пантүркизмді;
- жәдидшілдік және ұлтшылдықты;
- Ә.Бөкейханның саяси көзқарастары мен «Алаш» бағдарламасын;
- Б.Сыртанов жасаған бірінші Конституцияның жобасын қарастырамыз.

Қазақстан тарихынан

§ 46-47 параграфты мұқият оқып шық.

Бейне сабаққа сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=xzHyvN7VBMU>

Жәдидшілік қоғамдық-саяси ағым ретінде.

- Жәдидшілдік (арабша - жаңа, жаңа тәсіл)- ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Повольже, Қырым және Орта Азия мұсылмандарының мәдени-реформаторлық, саяси-қоғамдық қозғалысы. Бұл сол уақыттағы мұсылмандардың қоғамдық-саяси өміріндегі негізгі қозғалыс.
- Жәдидшілдік тек таза діни немесе дүниауи бағыт қана емес, білім жүйесін, қоғамдық-философиялық ой-сананы, этикалық нормаларды қамтыған синтетикалық ағым болды. Жәдидшілдік қозғалысы Ислам дінін ағартушылықпен, ғылыммен үйлесімді қолдана білді.



I Бұл идея мұсылмандар арасына татардың атақты ағартушысы, педагогы, жазушысы әрі саяси-қоғамдық қайраткері **И.Б.Гаспринский** арқылы таралды. Ол Қырым татарлары арасында заманауи идеяларды таратушы, олардың дәстүрлі ислами мәдениетінің модернизаторы.

2 Жалпы Исламдық шығыстағы ағартушылық қызмет Исмаил Гаспринскийдің атымен тығыз байланысты. Өйткені ол жәдидшіліктің жалпы әлемдік қозғалысқа айналуына бірден бір себепкер болған кісі. Осы идеяның негізінде бүкіл түркілер бірлігі идеясы таратылды. Түрікшіл жәдидшілердің ықпалымен сол кездегі заманауи ғылым мен біліммен қаруланған, инновациялық сипат алған медреселер ашылды. Ол медреселердің аттары бүкіл мұсылман әлеміне танымал болды. Мысал ретінде Қазанда «Мұхамедия», Уфада «Ғалия», Троицкіде «Расулие», Орынборда «Хұсаиния», Семейде «Ахмет Риза» медреселерін айтуға болады.



Негізгі идеялары



1. Мектеп-медреселерде белгілі бір оқу жүйесі жоқ;
2. Дәрістер жеңілден емес, керісінше, күрделіден басталады;
3. Шәкірттер ешқандай сынақ немесе тексеруден өткізілмейді;
4. Шәкірттер қабылдануына және қабілеттеріне қарай сыныптарға бөлінбейді;
5. Ана тілінде оқу, шығарма, есеп сияқты пәндер жеке пән ретінде оқытылмайды;
6. Негізгі кітаптардың орнына қажетсіз түсініктемелерге көп орын беріледі


Панисламизм және пантүркизм

- **Панисламизм** – барлық мұсылман қауымының біртұтас ислам мемлекетіне бірігуін негіздейтін діни-саяси идеология.
- **Пантүркизм** – түркішілдік, ХХ ғасырдың басында пайда болған, Түркияның қамқорлығымен түркі тілдес халықтардың бір мемлекетке бірігуін көздейтін ағым.



Өмірбаяны

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (05.03.1866 жыл, Қарқаралы уезі, Семей облысы, Дала Өлкесі - 27.09.1937 жыл, Мәскеу) — ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.



Алаш партиясының бағдарламасы

«Алаш» партиясы бағдарламасы 10 бөлімнен құралған:

- Мемлекет қалпы
- Жергілікті бостандық
- Негізгі хұқық
- Дін ісі
- Билік һәм сот
- Ел қорғау
- Салық
- Жұмысшылар
- Ғылым – білім үйрету
- Жер мәселесі

1903-1907 жылдары Б.Сыртанов қазіргі Алматы, Талдықорған облыстарының Қытаймен шектесетін шекараны сақтап қалды.



Сыртанов, 1908 ж.





Қазақтың тұңғыш алғашқы Конституциясы «Қазақ елінің Уставына» 109 жыл (1911-2020)

Негізгі идеясы – Қазақстанды Ресей отарынан шығару және дербес, тәуелсіз мемлекет құру.

Қазақ елінің Уставы

I. Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында

II. Адам баласының хұқы турасында

III. Қазақ жері турасында

IV. Сот турасында

және 28 баптан тұрады.



Тапсырмалар

№1 тапсырма. Мына сөздерге анықтама бер

- Жәдид –*
- Жаңа әдісті мектептер –*
- Панисламизм –*
- Пантүркизм –*

№2 тапсырма

- Исмаил Гаспринский жәдидшілдіктің негізін қалады. Ол 1883 жылдан ...*
- Орынборда “Хусаиния” Уфада ...*
- 1910 жылы М.Дулатовтың ...*
- 1913 жылы С.Көбеевтің ...*